

Бекітемиш
б/бақша меңгерушісі
Г.Т.Ибраимова

Тақырыбы: «Қош келдің, жаңа жылым!»



Кіші «Еркетай»тобы
Тәрбиешілер: Алтаева К.
Салибекова Г.

29.12.2021ж

Құрметті ата-аналар, әріптестер, бүлдіршіндер сіздерді келе жатқан Барыс жылымен құтықтаймыз. Барыс жылы табыс жылы болсын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құтықтаймын бәріңді,
Бақыт, шаттық молшылық әкелсін,
Бәрімізге мына жыл арайлы!
Құтты болсын ағайын
Жаңа жылың тағыда
Қол соғып қарсы алайық.
Ертеңгілік басталсын,
«Еркетай» тобында!

(Музыкамен балалар залға кіреді)

Ән: «АязАта»

Жүргізуші: Балалар қарандаршы қандай әдемі шырша. Аяз -Ата сендерге шыршаны безендіріп қойыпты. Ал, Аяз- Ата мен Ақшақар қайда жүр екен?

(Осы уақытта желдің дауысы шығады)

Жүргізуші: Балалар, біреу келе жатқан сияқты , мүмкін Аяз-Ата шығар.

Ақшақар: Сәлеметсіңдерме ,балалар? :Жаңа жылдарың құтты болсын!

Жүргізуші: Сәлеметсіңбе Ақшақар.

Сен Аяз-Атаны көрдіңбе? Сенің неге көңіл күйің жоқ?

Ақшақар: Менде Аяз-Атаны күтіп жүрмін, кешігіп жатыр.

(Орманның ішінен аюдың дауысы шығады)

Жүргізуші: Балалар бір дауыс шығады, мынау ненің дауысы, қане тыңдайықшы.

Ұйықтаған дауыс шығады.

Жүргізуші: Балалар бір дыбыс естіледі, бұл аюдың дыбысы. Аю неге ұйықтап жатыр, қане балалар аюды ұйқысынан оятайық. Тәрбиеші балаларды ертіп аюды оятады.

Балалар: Аю, аю тұр.

Аю: Барындаршы менің мазамды алмандаршы, мен ұйықтаймын.

Жүргізуші: Аю сен шыршаны көремін, балалармен жаңа жылды қарсы алып, Аяз –Атадан сыйлық аламын дедіңғой.(Аю орнынан тұрып керіледі)

Аю: Ой мен ұйықтап қалыппынғой. Жаңа жыл өтіп кетті ме? Сәлеметсіңдерме балалар, Ақшақар? Аяз – Ата қайда әлі келмегенбе? Ой балалар аяз-ата келгенше би билейік, ән айтайық.

Ән:Аю ұйқысы.

Ақшақар: Ия, Аяз-ата әлі келген жоқ

Аю:Ой онда мен кеттім Аяз-Атаны тауып, балалар сендерге алып келемін. **Жүргізуші:**Аяз –Ата келіңіз.Аяз-Ата келіңіз.

Жүргізуші: Ой, мына шыршаның маңайын қар басып калыптығой. Ақшақар мүмкін сен бізге көмектесерсіз.

Жүргізуші: Балалар Аяз-Атаны шақырып көрейік мүмкін біздің даусымызды естіп келер.

Балалар: Аяз-Ата, Аяз Ата.

Аяз Ата:Сәлеметсіңдерме, балалар?

Ақшақар: Аяз-Ата біз сізді күттік, сіздің балаларға дайындап қойған шыршаңыз өте әдемі екен. Бірақ шыршамыздың шамдары өшіп тұр.

Аяз-Ата: Мен ормандағы аңдарға сыйлықтарды таратып жүріп, кешігіп қалдым. Ал олай болса балалар сиқырлы сөздерінді айтыңдар, мен мына сиқырлы таяғыммен шыршаның шамдарын жағайын.

Балалар: Қуант бізді таңырқат,
Шамдарыңды жарқырат

Ән: «Тамаша»

Айғаным:

Қуантып енді
Жаңа жыл келді
Өсетін болдық,
Бір жасқа енді

Аслан:

Жаңа жыл мереке
Бақшамызға келді
Аяз Ата бізге сыйлықтар әкелді

Мардан:

Тамаша тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

(Қоян мен Түлкі кіреді музыкамен)Қоян мен түлкінің тақпағы.

Түлкі: Біз Қоян екеуміз жай келген жоқпыз, балаларға сыйлық алып келдік.

Жүргізуші:Сәлеметсіңдерме Қоян, Түлкі сыйлықтарың өте керемет екен. Олай болса қыздарымыз қуыршақпен билеп берсін.

«Қуыршақ» биі

Түлкі: Балалар ескі жыл қайда,жаңа жүр еді (Музыка әуенімен ескі жыл кіреді)Сныр: тақпақ . Ескі жыл қоштасады.

Сағат тілінің әуені естіледі.

Жүргізуші: Балалар ескі жылмен қоштастық. Жаңа жыл кіріп келе жатыр. Жаңа жылымыз Барыс жылы.Барыс жылымыз табысты жыл болсын.

Жаңа жыл кіреді: Барс тақпақ

Тақпақтар

Сабина:

Тамаша, тамаша

Қандай қызық тамаша

Аяз-Ата ортада

Би билейді балаша

Дарын:

Аппак тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз – ата оралып

Асылым:

Аяз-Ата жаңа жыл

Тоғайменен келеді

Айналайын асылым деп

Сыйлық әкеп береді

Азамат:

О Алақай! Аяз-Ата

Келе жатыр алыстан

Кел билейік үйренейік

Құтты болсын жаңа жыл

Би: «Сылдырмақ биі»

Жүргізуші: «Аяз-Атамен қар-атыенақ» ойыны

Сергіту сәті: Балалардың көңілді әні.

Жүргізуші: Келді міне жаңа жыл ортамызға

Құт береке әкелсін баршаңызға

Аңсаған арманыңыз орындалып

Өміріңіз бақытпен толсын нұрға

Міне бүгінгі «Еркетай» тобының Құтты болсын Жаңа жыл ! ертеңгілігі аяқталды.Қош сау болыңыздар!

Аяз-Ата: Балалардың барлығы өнерлі екен, енді мен балаларға әкелген сыйлығымды берейін.

